

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Әкімшілік құқық және ПО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы**

**«Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары» пәні бойынша  
ДӘРІС**

**Тақырып:**

**«Әділет органдарының құқық қорғау қызметі. Заң көмегін  
қамтамасыз етуші органдар».**

**ӘҚ ж. ПО-ның ӘҚ кафедрасы  
ПӘС мәжілісінде  
тақыланып, мақұлданған.  
2016ж. №\_\_\_\_\_ хаттама**

**Дайындаған:  
ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының  
профессоры,  
полиция полковнигі  
Е.Е. Серімов**

**Қарағанды 2016 ж.**

## ДӘРІС САБАҒЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

**Дәрісті оқу мақсаты:** Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметінің түсінігі, құқықтық реттелуі, негізгі міндеттері мен мақсаттарын, жүргізілу шарттарын түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің жүзеге асырылу ерекшеліктері мен бағыттарын қарастыру. Мемлекеттің елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жүргізілетін құқық қорғау қызметінің маңызы, қоғамдағы қажеттілігі, қағидаларының мәні мен мазмұнына, қысқаша тоқталу. Конституциялық бақылаудың, сот төрелігінің, прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, әділет пен адвокатура қызметтерінің өзара қарым-қатынасын ашып, түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына, құқық қорғау органдарының жалпы сипаттамасына, олардың түрлері мен негізгі міндеттеріне тоқталу. Құқық қорғау қызметінің Конституциялық принциптеріне, мемлекеттің жоғары қазынасы ретіндегі адамдардың ар-намысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына баса көңіл аудару. Құқық қорғау органдарының мемлекеттік билік пен басқарудың басқа органдарымен өзара қызметіне тоқталу.

**Дидактикалық:** ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда құқыққорғау органдарының пәні мен әдістері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру.

**Әдістемелік:** тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

**Тәрбиелік:** тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

**Дәріс сабағында қарастырылуға жататын сұрақтар:**

1. Құқық қорғау қызметінің негізгі міндеттері және мақсаттары.
2. Мемлекеттің құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары.

**3. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметінің қағидалары.**

**Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:**

*Ұйымдастырушылық кезең.*

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 1 мин.

*Кіріспе бөлім – 2 мин.*

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

*Негізгі бөлім – 45 мин.* Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-ші сұрақ бойынша – 15 мин.

2-ші сұрақ бойынша – 15 мин.

3-ші сұрақ бойынша – 15 мин.

*Қорытынды бөлім – 2 мин.*

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

**Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:**

- 1) Құқыққорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;
- 2) оқу құралдары;

3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз.
2. ҚР құқық қорғау қызметі туралы Заңы. 2011 ж. 6 қаңтар.
3. Құқықорғау органдары. Заң актілерінің жиынтығы. Алматы. Юрист, 2009 ж.
4. Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы 1948 ж. 10 желтоқсан.
5. “Азаматтық және саяси құқықтар туралы” Халықаралық пакт, 1966 жыл 16 желтоқсан.
6. Международное сотрудничество в области прав человека. Документы и материалы. – М., 1989.
7. Руководящие принципы в области предупреждения преступности и уголовного правосудия в контексте развития нового международного экономического порядка (Приняты на седьмом Конгрессе ООН 06.09.1985 г).
8. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 22.01.1993 года (с изм. от 28.03.1997 года).
9. Қазақстан Республикасының «Нормативтік-құқықтық актілері туралы» Заңы 1998 ж. 24 наурыз.

Оқу құралдары:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050 стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 15 желтоқсан 2012 жыл
2. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» //Егемен Қазақстан. 28 қаңтар 2012 ж.//
3. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» //Егемен Қазақстан. 30 қаңтар 2011 ж.//
4. 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы жарлығымен бекітілген) // Егемен Қазақстан, 28 тамыз 2009 жыл.
5. Жүрсімбаев С.К. ҚР құқық қорғау органдары. – Алматы, 2010 ж.
6. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. Учебно-методическое пособие. Алматы, 2000 г.
7. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан. - Алматы, 1996.
8. Сулейменова Г.Ж., Тусупбеков Р.Т. Правоохранительные органы Республики Казахстан. Курс лекций в схемах. – Алматы, - Караганды: ТОО «Арко», 2003.

## **Жоспар:**

Кіріспе

1. Қазақстан Республикасы әділет органдары қызметінің ұғымы, міндеттері мен қағидағтары.

2. Қазақстан Республикасы әділет органдарының жүйесі мен негізгі функциялары.

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

## Кіріспе сөз

Отандық әділеттің құрылғанына 90 жылға таяу уақыт ішінде қалыптасудың қиын да азапты жолдан өтті, бұл жолда қуғын-сүргін азабын, азаматтық және Ұлы Отан соғысының от-жалынын, күйзеліс жылдарын, халық шаруашылығын қалпына келтіру, тоқырау уақыты мен қайта құрудың зардаптарын бастан өткерді. Қазақ халқының көптеген ұл-қыздары жүрек қалауымен кәсіби заңгер болды және өздерінің өмірлерін әділеттің ақ жолына арнады. Бұл жылдар қажырлы еңбекке толы жылдар болды және әділет органдарының жұмысын ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін талмай іздестірумен өтті.

Кеңестік дәуір аумағындағы әділет органдарының қалыптасуы сонау 1917 жылдың күреске толы қазан айынан бастау алды, осы кезде РСФСР Әділет халық комиссариаты құрылып, оған сот, прокуратура, тергеу және нотариалдық органдарды, ал 1930 жылдан 1934 жылға дейін РСФСР Ішкі істер халық комиссариатының жойылуына байланысты еңбекпен-түзеу мекемелерін басқару жүктелді.

1920 ж. 26 тамызында Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Қ(А)КСР істерін басқару үшін халық комиссариаттары құрылды, олардың ішінде екінші орында Әділет халық комиссариаты тұрды. Жылдар сырғып өтіп жатты, реформалар бірін-бірі алмастырып жатты, аз-аздап тәжірибе жинақталды, сонымен қатар әділет органдарының кадрлары шындалып келе жатты. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі Әділет министрлігінің жаңа парақтарын ашты. Тарихи өзгерістер егеменді республиканың маңызды заң актілерінің тууына себеп болды.

10 шілде 1919 ж. – Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы Декрет қабылданды. 12 халық комиссарларының арасында Әділет халық комиссариаты бекітілді.

30 қыркүйек 1919 ж. – Қырревкомның отырысында ішкі істер бөлімінің меңгерушісі А.Б.Байтұрсыновтың әділет бөлімін құру қажеттігі туралы баяндамасы тыңдалды және сонда Қырревкомның Әскери-революциялық комитеттің жанынан әділет бөлімін құру туралы қаулысы қабылданды. 1 қазан 1919 ж. - әділет бөлімі құрылды. Бөлімді Б.Қаралдин (Қырревкомның хатшысы), Качковский (Қырревком жанындағы революциялық-тергеу комиссиясының төрағасы), Задорожный (ішкі істер алқасының мүшесі).

9 желтоқсан 1919 ж. - Әскери ревкомның отырысында әділет бөлімінің алқасын құру туралы шешім қабылданды.

10 желтоқсан 1919 ж. – Қырревком әділет бөлімі алқасының отырысында Қырғыз өлкесінің әділет ведомствосы бойынша Орталық басқармасын ұйымдастыру, Қырғыз өлкесі аумағында сот бөлімін құру туралы мәселелер қаралды. Қырревком жанындағы әділет бөлімі Әділет комиссариаты болып қайта құрылды. Әділет комиссариаты заң шығарушы, нұсқаушы, ақпараттандырушы

және Қырғыз өлкесі аумағында орналасқан әділет бөлімдерінің барлық органдардарын біріктіретін орган болды. Әділет комиссариаты өзінің барлық нұсқауларын, қаулыларын, бұйрықтарын, нұсқаулықтарын, ережелерін және басшылықтарын Әскери ревкомның бекітуіне беріп отырды және өлкелік тергеу комиссиясымен, Ішкі істер комиссиясымен және Бүкілресейлік әділет комиссариатымен тығыз байланыста жұмыс істеді.

11 наурыз 1920 ж.- Әскери-революциялық комитет өлкелік және жергілікті тергеу комиссияларын қайта құрды. Уақытша комиссияны келесі құрамда құрды: алқа төрағасы Б.В.Каратаев, мүшелері Таначев пен Токарев.

13 шілде 1920 ж.- Қырревкомның Қырғыз Республикасындағы Кеңес өкіметінің басқару құрылымының негізгі бағыттары туралы қаулысы жарияланды. Қаулының 5-бабына сәйкес Орталық әділет бөлімі өлкелік орган деп саналды, оған республиканың барлық аумағындағы сот бөлімін басқару мен меңгеру жүктелді.

24 қыркүйек 1920 ж.- бірінші әділет комиссары Ғұбайдолла Әлібеков бірінші бұйрыққа қол қойды.

4-12 қазан 1920 ж.- Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның құрылтай Кеңесі сиязында Әділет халық комиссариатының міндеттері белгіленді. 20 қазан 1920 ж.- Халком кеңесі өз қаулысымен Әділет халкомын Әділет халкомы туралы Ереженің жобасын жасауға және халық соттарын ұйымдастыруға дереу кірісуді міндеттеді.

25 желтоқсан 1920 ж.- қырғыздардың (қазақтардың) қалыңмал беруді жою туралы Декретке қол қойылды.

27 желтоқсан 1920 ж.- қырғыздардағы (қазақтардағы) құнды жою туралы Декрет жарияланған күннен бастап күшіне енді.

12 қаңтар 1921 ж.- Әділет комиссары Ғ.Әлібеков Әділет халық комиссариатының № 66 Адай оязы халық сотының 1-учаскесін құру туралы қаулыға қол қойды.

17 ақпан 1921 ж.- Қырортатқкомның төрағасы, әділет халкомы, Қырортатқкомның хатшысы Ғ.Әлібеков Қырортатқкомның Президиумы мен Халкомкеңесі мақұлдаған қырғыздардағы (қазақтардағы) құнды жою туралы Декретті қабылдау бойынша ҚАКСР Әділет халкомының нұсқауына қол қойды. 1921 ж. Орынборда - әділхалкомы Ғ.Әлібеков қырғыз, қазақтардағы неке құқығы туралы Декретке қол қойды.

Наурыз 1921 ж.- Халкомкеңесі Әділхалкомы туралы Ережені бекітті, оның құрылымы 5 бөлімнен тұрды: сот (жергілікті әділет органдары мен сот мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру), консультациялық-кодификациялық-баспа, орталық-жазалау (қамау орындарын басқарды), қаржы-шаруашылық, жою (шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы Декретті жүзеге асырды).

10 қараша 1921 ж.- Қазатком мал ұрлаушылықпен күрес туралы Декретті бекітті.

13 қараша 1921 ж.- әділхалкомы Шафқат Бекмұхамедов губерниялар мен трибуналдардың халық соттарына нұсқаулық хатқа қол қойды. 1922 жылдың ортасы – құқық қорғау жүйесін түбірлі қайта құру басталды. Реформалау жаңа экономикалық саясатқа көшуге объективті қажеттілігінен туындады. Бүкілодақтық төтенше комитеттің таратылуымен құрылған

Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ) Ішкі істер комиссариатының құрамына енгізілді. Сот құрылысы туралы қаулы мен ережеге сәйкес үшқұрамды жүйе құру жобаланды: халық соты, губерниялық сот және Жоғарғы сот. Бүкілодақтық ортатқкомның прокуратура, адвокатура және арбитраждық комиссия құру туралы қаулысы қабылданды. Бірінші кеңестік кодекстер шықты: Қылмыстық-процессуалдық кодекс (25 мамыр), Қылмыстық кодекс (26 мамыр), Азаматтық кодекс (31 қазан). КСРО Конституциясының жобасымен осы мақсатқа құрылған комиссия жұмысын бастады.

13 шілде 1922 ж.- Қазаткомның III-сессиясында прокурорлық қадағалау туралы және адвокатура туралы Ережелер қабылданды. РСФСР Қылмыстық кодексінің қалыңмалды, мал ұрлаушылықты тыю, адамжегіштікті аяусыз жазалау туралы IX-бөліміне толықтырулар енгізілді.

22 желтоқсан 1922 ж.- қылмыстың жолын кесу қажеттілігі туралы нұсқаулық хатқа қол қойылды.

9 қаңтар 1923 ж.- Әділхалкомның алқа жиналысында РСФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімшесін құру туралы Ереженің жобасы талқыланды. 12 қаңтар 1923 ж.- республика аумағында Сот құрылымы туралы Ережені енгізу үшін Әділет комиссариаты губерниялық соттарды ұйымдастыру туралы № 11 нұсқау хатты губернияларға таратты.

20 қаңтар 1923 ж.- Еңбек және қорғаныс Кеңесінің жабық жиналысында Қазақстандағы паракорлықпен күрестің қорытындысы тыңдалды.

9 желтоқсан 1919 ж.- Әскери ревкомның отырысында әділет бөлімінің алқасын құру туралы шешім қабылданды.

13 ақпан 1920 ж.- Қазобком Президиумының отырысында республика әділет халкомы және республика прокуроры М.Атанизовтың «Сот құрамын бекіту туралы» баяндамасы тыңдалды.

23 наурыз 1923 ж.- Қазатком Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның Әділет халық комиссариаты туралы жаңа Ережені бекітті. Әділхалком келесі бөлімдерден тұрды: сот құрылымы және бақылау; әкімшілік-қаржы; заң шығару жоспары және кодификациялық-баспа; прокуратура.

23 наурыз 1923 ж.- сот жұмысына міндетті түрде әйелдерді тарту туралы Әділхалкомының нұсқаулық хатына қол қойылды.

15 мамыр 1923 ж.- Орынборда бірінші өлкелік алтыайлық заң курстары ашылды. Бірінші бітірушілері 38 адам болды.

20 қараша 1923 ж.- ҚАКСР-ның Әділхалком алқасы ҚАКСР-ның Әділхалком жанындағы өлкелік заң курстары туралы Ережені бекітті.

28 желтоқсан 1923 ж.- Қырғыз (Қазақ) орталық атқару комитетінің Үлкен Президиумының отырысында Қырортаткомы жанындағы Бас тәртіптік сот туралы қаулысы бекітілді.

11-18 қаңтар 1924 ж.- Орынборда прокурорлардың бірінші республикалық кеңесі болды.

26 маусым 1924 ж.- Қырғыз (Қазақ) орталық атқару комитеті барымтаны жою үшін Семей, Ақмола және Торғай губернияларына комиссиялар жіберу туралы қаулы қабылдады. Комиссияның төрағасы болып әділет комиссары Ш.Бекмұхамедов тағайындалды.

15-19 сәуір 1925 ж.- V-жалпықазақ саязаты болды, онда әділхалкомы Қ.Боранбаев Қырғыз (Қазақ) Автономиялық КСР Үкіметіне есеп берді.

25 қараша 1925 ж.- Қызылордада кеңестік әділет қызметкерлерінің жалпықазақтық II-саязаты ашылды.

25 ақпан 1927 ж.- Қырғыз АКСР Орталық атқару комитеті мемлекеттік қылмыс туралы жаңа Ережені қабылдады.

17 қазан 1928 ж.- Бүкілодақтық ОАК мен ХКК «Тәркілеу және жер аудару кезінде қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы» актіні қабылдады.

Қазан 1929 ж.- Бүкілодақтық ОАК мен ХКК «Селолық және ауылдық белсенділерге қарсы террорлық акті ұйымдастырушыларға шаралар қабылдау туралы» актіні қабылдады.

Ақпан 1930 ж.- Қазақ ОАК мен ХКК «Село шаруашылығындағы социалистік өзгерістер және кулактарға қарсы күрес туралы» Жарлықты қабылдады.

26 тамыз 1937 ж.- Қазақ КСР Халкомкеңесі «Алыпсатарлыққа қарсы күрес туралы» қаулы қабылдады.

Сәуір 1938 ж.- Алматы кеңес құрылысы институты жанындағы заң факультеті Заң институты болып қайта құрылды.

16 тамыз 1938 ж.- «Сот құрылысы туралы» Заң қабылданды.

25 қазан 1939 ж.- Халкомкеңесі Әділет халкомы туралы жаңа Ереже қабылдады. Комиссариат құрамында сот мекемелері, кадр, оқу орындары басқармалары; кодификациялық, мобилизациялық, нотариалдық, ұйымдастырушылық, құпия-шифрлау, жоспарлық-қаржы бөлімдері; адвокатура бөлімі, бақылау-инспектрлық топтар, хатшылық, мұрағат, заң баспасы жұмыс істеді. Әділет халкомы жанында алқа құрылды. Оның құрамын әділет комиссары ұсынған кандидатуралардан Халкомкеңесі бекітеді. 1946 ж.- Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығына және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IX-сессиясы қабылдаған Заңға сәйкес Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне өзгертілді. Осы кезден бастап Әділет халық комиссариаты Қазақ КСР Әділет министрлігі болып аталды.



## **1. Қазақстан Республикасы әділет органдары қызметінің ұғымы, міндеттері мен қағидаттары.**

Қазақстан Республикасы Әділет органдарының жүйесі мен функциясы, Әділет Министрлігі мен оның аумақтық басқару органдарының міндеттерімен шартталған. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің органдарының жүйесі мен қызметі қоғамдағы реформаға байланысты көптеген өзгерістерге ұшырылады. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің және оның алдында жатқан міндеттердің дұрыс орындалуынан, саяси, құқықтық және экономикалық жүйедегі реформалардың жүруі, тәуелсіз құқықтық қоғамның қалыптасуы.

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің көбісі міндеттері оның қызметінің тармақталған жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

18 наурыз 2002 жылы “Әділет органдары туралы” заңның 5 бабына сәйкес Әділет органдарының біріккен жүйесін құрамына мыналар кіреді:

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі;

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің комиттеттері;

Аумақтық әділет органдары;

Қылмыстық- атқару жүйесінің органдарын қамтитын әділет органдары.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі, Әділет саласында мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын, атқарушы биліктің орталық органы болып табылады.

Әділет Министрлігінің құзыретінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтары, Үкіметтің үкімдері мен қаулылары, халықаралық құқықтық принциптері мен нормалары және Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен N 1120 28 қазандағы 2004 жылы бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі туралы ережесін құрайды.

Министерліктің негізгі міндеті мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін қолдау, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Министр басқарады.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің ішкі құрылымы:

1. Басшылық: Министр, министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауапты. Министрдің

Үкіметпен тағайындалатын орынбасарлығы вице-министрлері (бес адам) болады.

2. Департаменттер:

Заң және халықаралық құқық департаменті,  
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу департаменті,  
Ішкі әкімшілік департаменті.

3. Басқармалар:

- 1) Қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі басқармасы,
- 2) Бухгалтерлік есеп және ресурстарды қамтамасыз ету басқармасы,
- 3) Кадр жұмысы жөніндегі басқармасы,
- 4) Заң қызметірін ұйымдастыру басқармасы.

4. Комитеттері: 1) Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті, 2) Тіркеу қызметі комитеті, 3) Зияткерлік меншік құқығы комитеті, 4) Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті.

5. Бөлім: Әділет біліктілік алқасының қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлімі.

6. Сектор: Құпия құжаттармен жұмысты ұйымдастыру секторы.

Әділет Министрлігінде Әділет біліктілік алқасы жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасын құру тұңғыш рет 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясында көзделген. Алқа дербес, тәуелсіз мекеме болып табылады және республиканың жетекші заңгерлерінен тұрады.

Әділет біліктілік алқасының құрамына мыналар кіреді: Әділет министрінің орынбасары - алқаның төрағасы; Парламент мәжілісі жіберген екі депутат, Бас прокурордың орынбасары; Жоғары сот пленумы сайлаған алты судья; аудандық (қалалық) екі судья; екі облыстық судья, Жоғары соттың екі судьясы; адвокаттар қауымдастығы жіберген адвокат; нотариустар қауымдастығы жіберген нотариус; заңгерлік қауымдастығы жіберген екі ғылым – құқықтанушы.

Әділет біліктілік алқасының мәжілісінде судьялар лауазымына үміткерлерден және нотариалдық немесе адвокаттық қызметтермен айналысу құқын алғысы келетін мамандардан біліктілік емтиханы алынады, тестілеу жүргізіледі, аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттардың судьялары, сот төрағалары лауазымдарына тағайындау мен одан босатуға кепілдеме беріледі.

Әділет біліктілік алқасы Регламентіне 1996 жылғы 15 қазанда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, емтихан тапсырушының таңдауы бойынша жазбаша емтиханның орнына қазақ және орыс тілдерінде тестілеу өткізіле бастады.

Судьялар мен адвокаттар лауазымына және нотариустарға арналған жүз сұрақ бекітілді. «Өту балы» алғашында 75 болды, сонан соң 65-ке дейін төмендеді, ал 55-тен 65 балға жинағандардың қалауы бойынша алқа пікірлесу

өткізіледі. Пікірлесуде жинақталмаған балдар бойынша сұрақтар қойылады және қосымша екі сұрақ беріледі.

1998 жылдың басында Құқықтық ақпарат жөніндегі республикалық орталық жаңа компьютерлік бағдарлама жасады. Базаға салынған 1350 сұрақтан «Кездейсоқ сандар әдісімен» 100 сұрақтан дербес тест қалыптастырады. Қазір емтихан сұрақтарының санын 3000-ға дейін жеткізу міндеті қойылып отыр.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесіне келесілер жатады:

«Сот сараптамасы орталығы» мемлекеттік мекемесі.

«Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» жабық акционерлік қоғамы.

«Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіп орны.

«Судьялар мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ашық акционерлік қоғамы.

«Заң акционерлік компаниясы» ашық акционерлік қоғамы.

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық басқармасы» республикалық мемлекеттік қазналық кәсіп орны.

Аумақты Әділет органдары болып облыстық және Алматы мен Астана қалаларының Әділет басқару болып табылады. Аумақтық Әділет органдарының міндеттері мен негізгі функцияларын айқындайтын, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі бұйрығымен N141 2002 жылы 23қыркүйекте бекітілген “Аумақтық Әділет органдары туралы” ереже болып табылады.

Әділет органдарының қылмыстық – атқарушы жүйесі бұл соттармен тағайындалған қылмыстық жазалармен атқарушы және өкімдік функцияларын жүзеге асыратын және қылмыстық жазалауды жүзеге асыратын органдарын ұйымдастырылуын қадағалайтын ұйымдардың жүйесі. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Әділет органдарының қылмыстық – атқарушы жүйесінің құрылымын қамтитын:

қылмыстық – атқарушы жүйесінің комитеті;

қылмыстық жазалауды жүзеге асыратын органдар;

ғылыми зерттеулік, емдеулік – алдын алу ұйымдар мен білім ұйымдары.

Әділет органдарының функциясын екі топқа бөліп қарастыруға болады: Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің міндеттерін, функцияларын мен құзыреттерін атқаруға байланысты;

Қазақстан Республикасы жергілікті Әділет органдарының қызметін атқарумен байланысты.

Қазақстан Республикасының Әділет органдарына бірқатар функциялар жатқызылған. Қазақстан Республикасының 18 наурыз 2002 жылы ” Әділет органдар туралы” заңында Әділет органдарының келесі функциялары айқындалған.

Әділет органдары нормативтік құқықтық актілерді құқықтық сараптаудан және мемлекеттік тіркеуден өткізеді, осы атілердің заңдылығын және жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің сәйкестігін тексереді.

Тиімді және мәдениетті заң қызметтерінің нарығының құрылуы, сондай – ақ Әділет органының қызметінің негізгі бағытына қойылған. Қазақстан Республикасының Әділет органдары Әділет Министрлігінің және оның Әділет аумақтық басқарулары тұрғысында мекемелермен жергілікті халыққа, саналы заңды қызметтер қамтамасыз етуін, адвокаттық қызметті атқарудағы методикалық басқаруды жүзеге асырады. Бүгінгі күнде Республикада 16 аймақтық адвокаттар ұжымы жұмыс істейді, оның құрамында 2300 лицензиясы бар адвокаттар жұмыс істейді. 229 заңдылық кеңес беру және 280 адвокаттық контора жұмыс атқарылуда. Азаматтық құқықтық деңгейінің көтерілуі бұл да бір Қазақстан Республикасының Әділет органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Әділет органдарының құқықтық жалпы оқытуда құқықтық насихаттаулары бүкіл халыққа оның әртүрлі топтарына, сондай – ақ мемлекеттік органдармен мекемелердің маңызды мәселелерін түсіндіруге бағытталған. Мысалы: Қарағанды қаласының Әділет басқармасы құқықтық насихаттауды ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырады. Басқарма әрқашанда баптарды ”Индустриальная Караганда ” газетінде жариялайды, «Сұрақ-жауап» рубрикасын өткізеді, ”Круглые столы ” жиналыстар ұйымдастырылады. 2000 жылы қазанның 16 – нан 21 – шейін Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Егемен мемлекеті туралы декларацияның 10 жылдығына және Конституцияның 5 жылдығына қарсы бұйрығымен насихаттау аптасы өткізілді. Құқықтық насихаттауда негізгі орындарды мемлекеттік құрылымдағы коррупцияға қарсы заң шығару алады.

Әділет органдарының бір функциясы болып нотариалдық қызметтің ұйымдастырылуы нотариалдық әрекеттердің және нотариалдық контораларды іс–жүргізудің заңдылығын қадағалау.

Құқықтық маңызы бар азаматтық актілердің жағдайын қадағалау Әділет Министрлігінің тағы бір функциясы болып табылады.

Әділет органдары нотариатқа басшылықты жүзеге асырады. Олар мемлекеттік нотариат кеңселерін ашады әрі таратады және олардың тізілімін, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын нотариустар кеңселерінің тізілімін жүргізеді. Әділет органдары нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялар береді және Қазақстан Республикасының нотариат туралы негізгі заңнамасында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әділет органдарына азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын іске асыру мақсатында заң қызметін көрсету жүйесін дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді үйлестіруді жүзеге асыру жүктелген. Бұл жұмыс адвокаттар бірлестігімен және ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Әділет органдары азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияларды тіркеуді және беруді жүзеге асырады.

Әділет органдары басқа да функцияларды жүзеге асырады: Әділет министрлігінің сот-сараптамасы жүйесінің мекемелерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады, олардың қызметіне басшылық жасайды; бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, азаматтарды құқықтық

ағартушылыққа қатысады; құқықтық мәселелер бойынша халықаралық байланыстарды жүзеге асырады.

Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның органдары:

- белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге ұйымдардан, мекемелерден, ұйымдардан және лауазымды адамдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды сұратуға;

- заң жобалау, сарапшылық және зерттеу жұмыстарын, консультацияларды жүзеге асыру үшін ғылыми ұйымдарды, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін, маман-сарапшыларын және т.б. тартуға құқылы.

Оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ведомстволық нормативтік актілер, соның ішінде сот, Әділет министрлігінің жүйесіндегі органдар, мекемелер және ұйымдар, орталық атқарушы билік органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтарға арналған міндетті болып табылатын нұсқаулықтар мен түсіндірмелер шығарады. Бұдан басқа, Әділет министрлігі Әділет аттестациялық алқасының жұмысын материалдық-техникалық және ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Әділет органдарының ұйымдастыруды реттеу, оның қызметін құқықтық реттеу Қазақстанда саяси және экономикалық жүйені түбегейлі өзгерту орталық атқарушы билік органдарын, атап айтқанда әділет саласындағы орталық мемлекеттік басқару органы ретінде Әділет министрлігін ұйымдастыруды және оның қызметін құқықтық реттеуді реформалауға әкелді. Мемлекеттік басқару органдарының барлық жүйесін реформалау Қазақстанда кезең-кезеңмен өтті, өйткені мұны өтпелі кезеңнің саясаты талап етті. Әрбір кезеңде тиісінше жаңа міндеттер қойылып, барлық атқарушы билік жүйесін ұйымдастыруға және оның қызметіне тиісті түзетулер енгізу талап етілді. Мұндай шешім мемлекеттік басқару органдарының, соның ішінде Әділет министрлігінің құқық белгілеу және құқық қорғау қызметін регламенттейтін жаңа заң базасын әзірлеу әрі қабылдау арқылы мемлекеттік билік сатысына сәйкес құқықтық қорғанышқа айналды. Әділет министрлігінің жаңа өкілеттіктерінің бірі - министрліктердің, ведомстволардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу. Жүктелген міндеттер ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді сараптауға және тіркеуге әкелді, ол, ең алдымен Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құндылығы деп жария етілгендіктен, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерінің бұзылмауына байланысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі және оларды мемлекеттік тіркеуді жеңілдету жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы Жарлығымен нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктелді, тиісінше мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік актілердің заңдылық күші болмайды.

Егеменді Қазақстан кеңестік кеңістікте алғашқылардың қатарында жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді тіркеу саласында құқық қатынастарын реттейтін заңнамалық базасын жасады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі азаматтық айналымның қатысушыларын жылжымайтын мүлікке барлық құқықтары мен олармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді міндеттейді. Бұл ретте меншік, шаруашылық жүргізу, тұрақты пайдалану, жедел басқару, өмірлік мұралық иелік ету құқығы, ипотека, сервитуттар мен заңда көзделген өзге де құқықтар тіркеуге жатады.

Мемлекетте басты тіркеуші орган бола отырып, Әділет министрлігі заңды тұлғаларды тіркеуді, соның ішінде ҚР Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығына сәйкес шетелдіктердің қатысуымен кәсіпорындарды да тіркеуді жүзеге асырады. Жарғыларды тіркеу рәсімдерін пайдалану және азаматтардың конституциялық құқықтарына қысым жасайтын ондағы нормаларды алып тастау жолымен, олардың қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігін бақылау жолымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қоғамдық және діни бірлестіктердің құрылуы мен қызметінің заңдылығын бақылауды жүзеге асырады. Демократиялық құқықтық мемлекетті беделді, нақты айқындалған құқықтық инфрақұрылымсыз, элементтерінің бірі болып табылатын нотариатсыз құру мүмкін емес. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңын қолдана отырып, мемлекет тарапынан Әділет министрлігі тұлғасында нотариаттық мекемелерді құруға, патенттеуге және оның қызметіне бақылау жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігін ұйымдастыруды және оның қызметін құқықтық реттеу мемлекеттік басқару жүйесінің басқа да органдары сияқты нормативтік құқықтық актілердің толық пакетінен, олардың ішінде негізгі болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" заң күші бар Жарлығы, "Әділет органдары туралы" Заң сияқты актілермен регламенттеледі.

Осы функцияларды атқара отырып Қазақстан Республикасының Әділет органдары атқарушы биліктің органдарының заң жобасын дайындау қызметін жүйелендіру; нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындайды және ондай жобаларда қатысады; Президент әкімшілігімен, Премьер – Министр канцеляриясымен, орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдармен дайындалған нормативтік құқықтық актілердің жобаларын эксперттері мен мамандармен көмегімен немесе жеке өздері сараптау өткізуде қатысады; меншіктік бастамасымен немесе Премьер – Министр немесе Үкіметтің бұйрығымен Үкіметке нормативтік құқықтық актілердің түсіндірмесін береді; Қазақстан Республикасының орталықтандырылған компьютерлік құқықтық ақпарат жүйесін жүргізеді; шетелдік мемлекеттермен құқықтық қызметтестігі және құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттар отыруды және оларға дайындықты

ұйымдастыруды жүргізеді; халықаралық шарттардың жобаларының құқықтық сараптауын өткізеді.

Қазақстан Республикасының Әділет органдарына мемлекеттік тіркеу аясындағы функцияларыда жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының 04.03.97 жылы "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тізімдеу және оны мемлекеттік тіркеуді тәртіптендіру шаралары туралы" заңымен міндеттелген. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілер заңды күшіне енбейді. Егемен Қазақстан мүлікке құқықтарды және шарттарды тіркеуді жүйелендіретін құқықтық шығарушылық базаны артты. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мүлікке қатысты құқықтар мен шарттарды тіркеуден өткізуге міндеттендіреді. Мемлекеттің басты тіркеуші органы болып, Әділет органдары заңды тұлғаларды қаржыларды және өкілдіктерді тіркеу, сонымен қатар шетелдіктердің қатысуымен азаматтардың конституциялық құқықтарын шектейтін нормаларды алып тастап ортақ мемлекеттік органдардың маслихаттардың әкімдердің және акиматтардың нормативтік құқықтық актілердің тіркеуін жүзеге асырады. Әділет органдарының заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырады. Мемлекеттік тіркеуі заңды тұлғалардың жаңа заңды тұлғалардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін, тіркеулік санның берумен мемлекеттік тіркеуден өту туралы куәлікті беруді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мемлекеттік тәртіптеу орындарына енгізуді тексеру. Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуі келесі мақсаттарды жүзеге асырады:

заңды тұлғалардың құрылуын, қайта құрылуын және тоқталуын куәләндіру;

Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалардың санын және олардың құжаттарының Қазақстан Республикасының заңына сәйкестігін қадағалау; заңды тұлғалардың жалпы мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктер реестерін жүргізу;

заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты шартты негізде оны керек ететін тұлғаларға беру.

Бірақ мемлекеттік тіркеу тек осы мақсаттармен ғана шектелмейді. Тіркеу мемлекеттік басқаруды, қоғамдық қатынастар мен қызмет түрлерін жүйелендіруді, салықтандыру объектілерін есебін жүргізуді, мемлекет пен қоғамның қызықтарын қорғауды және басқа да мақсаттарды жүзеге асыру үшін керек. Мемлекеттік тіркеуден Қазақстан Республикасының аумағында мақсатына, түріне және нысанына қарамай бүкіл заңды тұлғалар өкілдіктері, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғаларға қатысты құқықтарсыз да есептік тіркеуден өте береді.

Заңды тұлғалардың тіркеуден өткізілуінде заңды тұлғалардың құжаттарына және олардың заңға сәйкестігіне басты назар аударылады. Әділет органдары тіркеуге берілген құжаттардың құқықтық сараптаудан өткізеді.

Жай құжаттармен бірге күрделі, терең сараптауды қажет ететін құжаттар да кездеседі. Сараптау қорытындысы бойынша заңды тұлғаға мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәлік беріледі.

Қазақстан Республикасындағы нотариат - бұл ”Нотариалдық қызмет туралы ” заңмен айқындалған, міндеттерді орындауға және құқықтарды куәландыруға бағытталған жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын заңмен бекітілген жүйе.

Әділет органдарының нотариатқа қатысты мәселелерді шешуге қатысты құқықпен құзыреттелген. Осыған байланысты Әділет органдары келесі әрекеттерді жүзеге асырылады:

нотариалдық кеңселерді ашады;

нотариустың әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізуін қадағалауды жүзеге асырылады;

нотариалдық әрекеттерді жасаған жергілікті атқарушы органдардың тұлғаларына көмек береді;

жеке меншіктік нотариаттардың есептік тіркеуін жүргізді;

мемлекеттік нотариустарға қатысты азаматтардың және заңды тұлғалардың арыздарын қарастырылады.

” Нотариалдық қызмет туралы” заңмен анықталған басқа да міндеттерді атқарады.

Сонымен қатар Әділет органдары нотариалдық палаталар мен бірге:

нотариалдық аумақтағы нотариустардың қызметін және әр нотариалдық аумақтағы нотариустардың санын айқындайды;

нотариалдық тәжірибелерді жинақтайды ;

нотариалдық ауқатта уақытша болмаған нотариустардың орнын басады.

Әділет органдары нотариалдық орнын басады қарағанда көбірек өкілетікке ие. Нотариалдық әрекетердің мүліктік жауапкершілігіне аумақтық Әділет органы жауап береді.

Қазіргі кезде нотариустың қызметте көптеген қателіктер кездеседі. Сондай кездерде аймақтық Әділет органдары және қатысты нотариалдық палаталар нотариустың лицензиясының күшін тоқтатуға құқылы. Нотариус сондай кезде сотқа арыз беруге құқылы.

Әділет органдарының адвокатураның ұйымдар мен бірлестіктермен қызметтесіп жұмыс істейді, жеке және заңды тұлғалардың азаматтық істері бойынша өкілдіктердің, қылмыстық істерді қорғауды жүзеге асыратын адвокаттардың қызметін лицензиялайды.

Әділет басқармаларында аумақтық Әділет органның азаматтық хал актілерін (ЗАГС) тіркейтін бөлім бар. Аймақтық Әділет органдардың жүйесіне аудандық және қалалық азаматтық хал актісін тіркейтін бөлімдер кіреді. Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркейтін арнайы мемлекеттік органдар бар. Мешіттегі тіркеуліктер заң шығарушылықта көрсетілмейді. Бірақ негізгі тіркеумен қатар рәсімдеулік әрекеттерге жол беріледі Әділет органдары азаматтық хал актілерін тіркеумен қатар статистикалық есептерді жүзеге асырады. Актілік тіркеулерді жүргізудің саяси маңыздылығы бар, жағынан бүкіл халықтың



салық анықтау, құқықтық жағынан жағдайы туралы сұрақтар, және басқа да мақсаттарда асырылады.

Мысалыға, Алматыда 2002 жылдың бірінші жартысында 16969 азаматтық хал актілері тіркелді, оның ішінде: туу туралы – 5857, өлім туралы - 5150, неке қию туралы – 2368, некені бұзу туралы – 1526. Осы статистиканың талдау барысын 2002 жылы 2001 жылға қарағанда актілердің саны 2,8% - ке азайғаны анықталады.

Жеке және заңды тұлғаларға байланысты жұмыс істеуінің заңдалығын қамтамасыз етуде үлкен жұмыс атқарылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 11.08.97 жылы қаулысымен Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігіні де Қазақстан Республикасының Президентінің 22.04.97 жылы ”Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін әрі қарай реформалау шаралары туралы” жарлығында, шараларды жүзеге асыру үшін және соттық сараптау қызметіндегі міндеттерді шешу үшін сараптау Орталығы құрылды (Заңның 17 бабы).

Қылмыстық жазалардын жүзеге асыру аясында, Әділет органдары қылмыстық жазалардан жүзеге асыратын органдар мен мекемелерге сотталғандарды орналастыруды, сотталғандарға қатысты үкімдер мен қаулыларды орындауды, қылмыстық жазаны өтеу орындарында тәртіптің сақталуын қадағалауды және басқа да атқарушы, қорғаушы, қадағалаушы функцияларын жүзеге асырады.

## **2. Қазақстан Республикасы әділет органдарының жүйесі мен негізгі функциялары.**

Қазақстан Республикасында нотариаттар екі: мемлекеттік және жеке негізде жұмыс атқарады. Нотариаттық қызметпен арнайы органдар мен лауызмды тұлғалар айналысады. Олар туралы айтпас бұрын нотариаттық қызметті ұйымдастыру тәртібін айтып кетейік.

Қазақстан Республикасында әкімшілік-территориялық бөліністерге сай бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы нотариаттық округ болып табылады. Бұл мемлекеттік нотариустарға қатысты әрекет етеді. Нотариустың бір нотариаттық округ аумағында әрекет ету шегі аумақтық әділет органымен белгіленеді. Ал жеке нотариустың қызмет аумағын нотариаттық палатамен бірлесе отырып, аумақтық әділет органы белгілейді.

Қазақстанда жеке нотариустың енгізілуімен Нотариаттық палаталар құрыла бастады. Олардың құрылуының мақсаты жеке нотариустарды кәсіби негізде біріктіру және олардың қызметін үйлестіру болды.

Нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Ол заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады. ҚР әрбір облысы, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы аумағында бір нотариаттық палата құрылады.

Нотариаттық палаталар қызметін үйлестіруді Республикалық нотариаттық палата жүзеге асырады, ол мемлекеттік органдарда нотариаттық палата мен

нотариустардың мүдделерін бідіреді, нотариат мәселелері бойынша заң жобасы жұмыстарына қатысады және нотариустарды оқытуды ұйымдастырады.

Нотариаттық палатаның өкілеттігі:

1. Жеке нотариустарға басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіреді.
2. Мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды.
3. Жеке нотариустың нотариат туралы заңдарды сақтауына бақылау жасайды.
4. Жеке нотариустарды сынақтан өткізу мен оқытуды ұйымдастырады және т.б.

Жергілікті мемлекеттік нотариустардың қызметінің дұрыс атқарылуын аумақтық әділет органдары жүзеге асырса, жеке нотариустардың қызметін бақылауды аумақтық әділет органдары Нотариаттық палатамен бірге жүзеге асырады.

Нотариустардың тұрғындарға заңдылық қызмет көрсету саласында заңдылықты ұйымдастыру мен қамтамасыз ету бойынша аумақтық әділет органдарының қызметін үйлестіру мен бақылауды Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Нотариаттық іс-әрекеттер жасауға мыналардың құқықтары бар:

- 1) мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар);
- 2) жергілікті атқарушы органдардың нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары;
- 3) ҚР атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар, және осындай қызмет жасауға өкілет берілген басқа да адамдар.

Мемлекеттік нотариус қызметін аумақтық әділет органдары енгізеді және тоқтады және оның іс-әрекеттерінің мүліктік жағынан жауап береді. Заңда мемлекеттік нотариустың нотариаттық іс-әрекет жасауға лицензия алуы белгіленбеген.

Жеке практикамен айналысатын нотариус заңды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметті жүзеге асыратын, әділет органдарында тіркелген және нотариалдық палатаның мүшелігіне өткен азамат.

Мемлекеттік нотариат кеңсесі аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның заңды тұлға құқығы болмайды және осы орган бекіткен Ереже негізінде жұмыс істейді. Мемлекеттік нотариаттық кеңселер Қазақстан Республикасының аудандарында (қалаларында) орналасады.

Қазақстан Республикасында нотариус-нотариаттық әрекеттерді жасайтын нотариаттық органдардың лаузымды тұлғасы, ол жоғары заң білімі бар, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан, нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Нотариустың көмекшілері мен сынақтан өтушілері болады. Бұлар жеке практикамен айналысатын нотариустарда да, мемлекеттік нотариустарда да болады. Нотариус көмекшісі нотариус тапсырмасын нотариустың нұсқауымен және жауапкершілігімен орындайды. Сынақтан өтуші болу үшін жоғары заң білім және аттестаттаудан өткен ҚР азаматы болуы тиіс. Егер сынақтан өтушінің заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы болса аумақтық әділет органы және нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен сынақ мерзімі қысқартылуы мүмкін. Сынақтан өту мерзімі кемінде үш ай болуы керек.

Нотариаттық әрекет жасау үшін алдымен лицензия алу керек. Бұл лицензияны аттестаттау қорытындысы бойынша әділет министрлігі береді. Нотариус лицензия мерзімі шектелмеген, ол республиканың бүкіл аумағында қолданылады. Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар, тұрақты судьялар және теріс қылықты жасағаны үшін лауазымынан босатылған судьялардан басқа тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар, мемлекеттік нотариустар аттестаттаудан өтпестен лицензия алуға құқылы болып табылады. Қажетті жағдайларда нотариус лицензиясын беруден бас тартылуы немесе берілген лицензияның күшін тоқтата тұру мүмкін.

Нотариус лицензиясын беруден бас тартылған жағдайда өтініш иесіне ол қабылданған күннен бастап үш күн ішінде бас тарту себептері көрсетіле отырып жазбаша түрде дәлелді шешім беріледі.

Нотариус лицензиясының күшін азаматтардың арыздары, аумақтық әділет органдарының, нотариаттық палаталардың, прокуратура, тергеу, анықтау органдарының, сондап-ақ салық қызметінің ұсыныстары негізінде ҚР әділет министрлігінің шешімімен алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

Әділет аттестаттау комиссиясының не прокуратура органдарының, Әділет министрлігінің, Республикалық нотариаттық палатаның талап қоюы бойынша сот шешімімен нотариустың лицензиясын кері қайтарып алуы мүмкін. Сонымен қатар лицензия қайтарып алынған жағдайда, сондай-ақ әділет министрлігінің шешімімен тиісті жағдайларда нотариус лицензиясының күші тоқтатылады.

Мемлекеттік нотариустарға лицензия алу талаптары қосылмайды. Мемлекеттік нотариус кеңсесі заңды тұлға болып табылмайды және аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, осы орган бекіткен Ереже негізінде жұмыс істейді.

Жеке практикамен айналысатын нотариус дегеніміз заңды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметпен айналысатын, өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтандырған, нотариаттық палатаға мүше болған және аумақтық әділет органында есепке тұру тіркеуінен өткен азамат. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жұмысын жүзеге асыруы үшін жарамды үй-жайы болуға тиіс.

Нотариустың құқықтары:

- 1) өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес осы заңды және ҚР басқа да заң актілерінде кзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасау;
- 2) мәмілердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасау;
- 3) құжаттарын көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеу;
- 4) нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беру;

- 5) жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтер талап ету;
- 6) ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға, соның ішінде жалдау шарты бойынша айналысу;
- 7) техникалық сипаттағы өзге де ақылы қызметтер көрсету.

Нотариустың міндеттері:

- 1) заңның және ҚР нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сай нотариаттық іс-әрекет жасау;
- 2) азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіру, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болуы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдары жөнінде ескерту;
- 3) кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстау;
- 4) ҚР заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту;
- 5) кәсіптік әдептілік сақтау;
- 6) әділет органына немесе нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беру.

Нотариус заңсыз әрекеттер жасағаны үшін ҚР заңдарында көзделген қылмыстық, әкімшілік, материалдық, тәртіптік және өзге де түрде жауапты болады.

Нотариустың кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, шарттарды жасасу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге, депутат болып сайланған кезде нотариус міндеттерін орындауға құқығы жоқ. Бұған қоса жеке практикамен айналысатын нотариустың жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы жоқ.

2-сұрақ бойынша қорытынды: Сонымен ҚР нотариаттық әрекеттерді мемлекеттік және жеке нотариустар жүзеге асырады. Мемлекеттік нотариустарға лицензия алу талабы қойылмайды. Ал жеке практикамен

айналысатын нотариустар міндетті түрде әділет органынан лицензия алуы тиіс және тіркеледі. Мемлекеттік нотариустар нотариаттық округтерге бірігеді. Ал жеке нотариустар Нотариаттық палаталарға біріге отырып жұмыс істейді.

### **Қорытынды**

Сонымен, біз Қазақстан Республикасы әділет органдарының әрі нотариатының және оның құрамына кіретін міндеттерін және нотариат қызметтері туралы қарастырдық. Нотариат қызметінің құқықтық негіздеріне, әсіресе қолданыстағы «ҚР нотариаты туралы» заңының осы қызметті реттеудегі маңызын баса айттық. Нотариаттық қызметтің негізгі міндеттері мен қызметінің бағыттарына, құқықтық негіздеріне, ұйымдастырылу тәртібіне, жүйесі мен өкілеттігіне тоқталдық. Соның ішінде нотариустардың ісіне байланысты нормативтік актілерді қарастырып оның функцияларымен таныстық. Негізгі қызмет бағыты ретіндегі нотариаттың міндеттері мен өкілеттігін, қызметінің құқықтық негіздерін, қызметінің ұйымдастырылу тәртібін қарастырдық. Нотариус түрлеріне және олардың құқық қорғау қызметіне қатысты негізгі жасайтын нотариаттық әрекеттері туралы мәселелерді қарастырдық.

Нотариаттар өз қызметін жүзеге асыру барысында бірқатар қағидаларды негізге ала отырып әрекет етеді. Бұл қоғамда заңдылықтың, тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында қажет.

ҚР мемлекеттік және жеке практикамен айналысатын нотариустар бар. Алайда екеуінің де атқаратын жұмыстары бір және қабылдайтын құжаттарының құқықтық күштері бірдей болып келеді. Мемлекеттік нотариустарға лицензия талап етілмейді. Ал жеке практикамен айналысатын нотариустар әділет органдары берген лицензия негізінде жұмыс істейді.

ҚР нотариустардың қызметін ұйымдастыруда нотариаттық округ және нотариаттық палата маңызды рол атқарады. Бұлардың біреуі мемлекеттік нотариустарға қатысты қызметті атқарса, екіншісі жеке практикамен айналысатын нотариустардың қызметін үйлестіруші орган болып табылады. Нотариустар жүзеге асыратын функциялары түрлі бағыттарға бөлінеді. Бұл функциялардың атқару кезінде нотариус дербес болып табылады. Олар бірінші кезекте заңға үйене отырып әрекет етеді. Осылайша құқық қорғау қызметін жүзеге асырады.

**Дәрісті дайындағын ӘҚЖПО-ның ӘҚ кафедрасының профессоры  
полиция полковнигі Е.Е. Серімов.**